

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
«Өзін-өзі бағалау»
барысындағы оқу-әдістемелік жұмысының
сараптамасы**

Мазмұны

1-БӨЛІМІ Жалпы мектепке ұйым туралы мәлімет
1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны туралы ақпараттық анықтама
2. Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет
2-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық құрамы
1. Педагогтердің сапалық құрамы
2. Педагогтердің жас құрамы
3. Педагогтердің жұмыс өтілі туралы мәлімет
4. Педагогтердің біліктілік деңгейі
5. Педагогтердің біліктілігін арттыру туралы
3-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті
1. Ұйымдағы балалар контингенті
2. Тәрбиеленушілердің ұлттық және жыныс құрамы бойынша мәлімет
3. Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер
4. Тәрбиеленушілердің жетістіктері
4-БӨЛІМІ Әдістемелік жұмыс
1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қолдану барысы
2. Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары
3. Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру
4. Педагогикалық ұжым өз тәжірибесінде келесі инновациялық технологияларды қолдануы
5-БӨЛІМІ Оқу-тәрбие жұмысы
1. МДҰ жұмыс бағыты
2. Педагогико-психологиялық коррекциялық жұмыстың нәтижесі
3. Жас педагог мектебі
4. Педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы
5. Педагогтердің құрмет атақтары, ведомстволық және үкіметтік марапаттары
6. БАҚ жарияланымдары
6-БӨЛІМІ Оқу-материалдық активтер
1. Оқыту-материалдық активтер
2. Материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету
3. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
4. Заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау
7-БӨЛІМІ Білім алушылардың білім сапасын бағалау
8-БӨЛІМІ Қосымшалар. Құрылтай құжаттарының көшірмелері

1-БӨЛІМ

Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы ақпараттық анықтама

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері:	Қазақстан Республикасы
Пошта индексі	140000
Мекен-жайы	Павлодар қаласы, Айманова көшесі, 22
Заңды тұлғаны қайта тіркеу нөмірі	№15442-1945-МК
БСН	080840005499
Тұрақты жер пайдалану акты	№ 0247662
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	14:218:001:994
Медициналық қызметпен айналысуға	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» республикалық ММ денсаулық сақтау басқармасы лицензия №00899DS 03.02.2010
Санитарлық-эпидемиологиялық	2009 жылғы 20 сәуір №403 қорытынды
Электронды мекен-жай:	sad8@goo.edu.kz
Ғимараттың салынған жылы	1973 жылы
Қайта ашылған жылы	2009 жылы
Меншік нысаны	Мемлекеттік
Жалпы ауданы	1952,1
Жобалық қуаты	200
Тәрбие беру тілі	қазақ
Басшы:	Жетпіс Маржангүл Жетпісовна
Телефон:	8(7182)642751
Балалар контингенті –	205
Жалпы мектепке дейінгі ғимарат	2 қабаттан құралған



2. Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығында заңды тұлға болып, Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы «05» қаңтардағы бұйрығымен бекітілген Жарғысы негізінде әрекет етеді.

Кәсіпорын Павлодар қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 18 шілдесіндегі «Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласын білім беру бөлімінің Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны туралы №938/18 қаулысына сәйкес құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» №276/5 қаулысына сәйкес атауы өзгертілді.

Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі, болып табылады.

Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктегі шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауымен мөрі бар.

Кәсіпорын өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру Кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады.

Кәсіпорын мүлкі құны өз балансында көрсетіліп Кәсіпорынның активтерінен құрылады.

Құрылтай құжаттары, білім беру ұйымы қызметінің ішкі тәртібін регламенттейтін құжаттар, өкімдік құжаттар, оның ішінде:

заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, 2011ж 23.02. алғашқы тіркеу күні, 2021 жылғы 18 қаңтардағы екінші тіркеу күні №15442-1945-МК, бизнес – сәйкестендіру нөмірі-080840005499;

2021 жылғы 05 қаңтардағы Жарғысы;

хабарлама KZ75RVK00028237 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы, берілген күні: 25.01.2021 жыл ;

медициналық қызметпен айналысуға ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті " Республикалық ММ денсаулық сақтау басқармасының лицензиясы №00899DS 2010жылғы 3 ақпан;

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы № 09/218.13-1/27113 анықтама негізінде жедел басқару құқығында келесі жылжымайтын мүлік объектілері бекітілген: бастапқы объект-ғимарат кадастрлық нөмірі: (14:218:001:994:1), жалпы ауданы 1752 м2, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: (14 – 218 - 001-994), жалпы ауданы 1952,1 га.

Алқалық басқару органдары бекітілген ережелерге сәйкес жұмыс істейтін, сәбилер басшысы бекіткен педагогикалық кеңес, шығармашылық бірлестіктер болып табылады.(Құжаттардың көшірмелері қоса беріледі)

2022-2023 оқу жылында Павлодар қаласының № 8 сәбилер бақшасы 8 топ жұмыс атқарады, 205 бала тәрбиеленуде.

Ұйымның басқаруы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңдарына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы №207бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес бекітілген және сәбилер бақшасының жарғысына сәйкес жүргізіледі. Басқару органдары педагогикалық және әдістемелік кеңес болып табылады.

Ұйымның ішкі құжаттары мемлекеттік тілде келісілген істер номенклатурасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 Қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Мөр және штамп «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңының 21 бабына сәйкес.

Ұйым қызметкерлерінің еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау «Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 929 бұйрығына сәйкес.

Штат кестесі және педагогтердің жүктемесі басшымен және Павлодар қаласының білім бөлімінің басшысымен бекітілген. 2022-2023 оқу жылында педагогтер құрамы – 22 қызметкерден тұрады.

2-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі мекеменің кадрлық құрамы

Әкімшіліктің негізгі жұмысының бірі кадрлардың құрамын бекіту және олармен сапалы жұмыс жүргізу. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және ұйымның жарғысына сәйкес басшы педагогикалық кадрларды еңбек шарты бойынша қабылдайды.

Оқыту - тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында балабақша барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта балабақшада 22 педагог: басшы, әдіскер, педагог-психолог, педагог-логопед ән-күй жетекшісі, дене тәрбиесінің нұсқаушысы, 16 тәрбиеші еңбек етеді. Балабақша штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

1. 2022-2023 оқу жылдарында педагогтардың сапалық деңгейі

Жылдар		2022– 2023
Барлық педагогтар		22
3 санатты	Басшы	1
	%	5%
Жоғары санат	Педагогтар	2
	%	9%
Біріншісанат	Педагогтар	5
	%	23%
Екінші санат	Педагогтар	2
	%	9%
Санатсыз	Педагогтар	7
	%	32%
Педагог-зерттеуші	Педагогтар	0
	%	-
Педагог-сарапшы	Педагогтар	4
	%	18%
Педагог-модератор	Педагогтар	1
	%	4%
Педагог	Педагогтар	0
	%	-

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаты-білім беру саласында қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, ең үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау және кеңінен тарату.

Педагогтердің әдістемелік-зерттеу әрекетін ынталандыру, талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау, педагог - зерттеуші еңбегінің беделін арттыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру, педагогтердің әдістемелік және практикалық қызметін насихаттау болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестация 5 жылда бір рет өткізіледі. Аттестацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің еңбегін тиімді бағалау жүйесін құру, олардың кәсіби өсуіне көмек көрсету, біліктіліктерін үздіксіз көтеру, еңбек нәтижесін көрсету. Педагогтер біліктілік санаттарын құрылған кестеге сай әр бес жыл сайын көтереді немесе растайды.

Кестеде көрсетілгендей, педагогтердің сапалық құрамындағы біліктілік санаттарының өзгерістерін көруге болады. Алдағы жарты жылдықта 1 педагог – « педагог – модератор », 1 педагог- «педагог-сарапшыға» үміткер.

2. Педагогтердің жас шамасы бойынша құрылымы

Педагогтар	2022 – 2023
Барлық педагогтар	22
20 жастан 30 жасқа дейін	6/27%
31 жастан 40 жасқа дейін	6/27%
41 жастан 50 жасқа дейін	6/27%
51 жастан 60 жасқа дейін	4/18%
61 жастан 63 жасқа дейін	-

2022 – 2023 оқу жылында 20 жастан 30 жасқа дейінгі педагогтар – 27%; 31 жастан 40 жасқа дейін – 27%, 41 жастан – 50 жасқа дейін – 27% құрайды. Осылайша, ұжымда жас педагогтермен тәжірибелі педагогтар жұмыс жасауда.

3. Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет

Жылдар	2022 - 2023
Барлығы	22
1 жылға дейін	2/9%
3 жылға дейін	1/5%
5 жылға дейін	2/9%
10 жылға дейін	5/23%
20 жылға дейін	8/36%
20 жылдан көп	4/18%

2022 – 2023 оқу жылында ең көп топты 10 және 20 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер жалпы 60% құрайды.

4. Педагогтердің білім деңгейі

Жылдар	2022-2023	
Барлық педагогтар	22	
жоғары білімді	Педагогтар	14
	%	64%
оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	Педагогтар	2
	%	9%
арнайы орта білімді	Педагогтар	10
	%	45%
оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар	Педагогтар	5
	%	23%
сырттай оқытындар	Педагогтар	1
	%	5%

2022 – 2023 оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында 64% жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 9%. Педагогтердің 45% орта – арнайы білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 23%. Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар. Бұл кестелер соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласындағы балабақша педагогтерінің білім деңгейі артып келе жатқанын көрсетеді. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сәйкес балабақша педагогтері жыл сайын жоспар бойынша аттестаттаудан өтеді.

5. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

Жылдар	Барлық педагогтар	Біліктілікті арттыру курсы өткен	Біліктілігін арттыру курсы өткен % көрсеткіші
2022-2023	22	5	23%

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – кәсіби оқыту нысаны. Білім алушыларға ұйымдастырылған іс әрекеттерді беру мен оқыту сапасын арттыру үшін педагогтер өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Балабақшада біліктілік арттыру курстарынан өту кестесі әрбір оқу жылының басында бекітілген, ұжым басшысының қолымен және ұйым мөрімен расталған.

Кадрлармен жұмыс жүргізу барысында міндетті түрде педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеруге, шығармашылық бастамашылдықтарын дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды ізденуге және меңгеруге көңіл бөлінеді. Соңғы 3 жыл ішінде педагогтар педагог біліктіліктерін арттыру курсынан өтті, куәліктері бар.

III- бөлім. Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті

Мектепке дейінгі ұйым қызметін 2020 жылдан бастап 2023 жылдың сәуір айына дейін автоматтандырылған «indigo24.kz» порталы арқылы жүзеге асырылды. Ал 2023 жылдың 11 мамыр айынан бастап автоматтандырылған «balabaqsha.snation.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға түсуі «balabaqsha.snation.kz» бағыты бойынша қабылданады. Әр бір балаға жеке іс құжаттары рәсімделеді, оның құрамына жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-ана арасындағы келісім-шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы балалардың тізіміне сәйкес жеке папкада жинақталған. Жолдамаларды тіркеу журналы, балалар қозғалыс кітабы, балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар, ата-аналар келісім-шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі. Балабақшада жоспарлы 200 бала қамтылған, 8 топ жұмыс істейді. Топтардың жұмыс тәртібі сағат 7.00-ден 19.00-ге дейін.

1. Балалардың тізімдік құрамы

Жас құрамы	2022-2023
Топтар саны	8
Ерте жас	1/20
Кіші топ	2/50
Ортаңғы	2/50
Ересек	1/33
Мектепалды топ	2/43
Барлық балалар	196

2. Тәрбиеленушілердің ұлты туралы мәлімет

Барлық бала саны	2022-2023
орыс	4
татар	0
украин	0
қазақ	192

Тәрбиеленушілердің басым саны қазақ ұлтының балалары, басқа ұлт өкілдері мемлекеттік бақшаға қатысуы өсу динамикасымен байқалады.

3. Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет

Барлық бала саны	2022-2023
Ұлдар	81/54%
Қыздар	115/46%

Осы жылдықта ұлдардың саны қыздарға карағанда басым екені байқалды.

4. Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер

Аурулардың атауы	2022-2023
ЖРВ,ЖРА	226
Бронхит	1
Бронх деміпесі	-
Пневмония	1
Ангина	-
Желшешек	3
Басқа арулар	84
Жарақаттар	-
Барлығы	315

Балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіші олардың жиі ЖРВ, ЖРА ауруларымен ауруы қазіргі уақытта жиілеп кетті. Аурудың алдын алу шаралары қатаң түрде бақылауға алынып, барлық сақтық шаралар қолданылады және шынықтыру-сауықтыру шаралары жүзеге асырылуда.

5. Балалардың балабақшаға қатысуы туралы мәлімет

Көрсеткіш	2022-2023
Бала орны	194
Қатысу жоспары	29317
Нақты келген күндер	16565
Босатқан күндер	12752
Балалардың орташа жылдық саны	190

6. Балалардың денсаулық туралы мәліметі

Атауы	2022-2023
I топ	157
II топ	32
III топ	1
IVтоп	-
Барлығы	190

Төмендегі кестеде балабақша тәрбиешілерінің бір жылда қатысқан шаралары көрсетілген.

7. 2022-2023 оқу жылдар аралығында тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстардың жеңімпазыдары мен жүлдегерлері

Конкурс атауы	2022 – 2023
Қалалық конкурстар	
«30 жылдыққа-30 ойын» фестивалінің қалалық кезеңі, диплом	-
«Шымырлық пен шеберлік» байқауының қалалық кезеңі, диплом	1
«Мен зерттеушімін» байқауының қалалық кезеңі, диплом	-
«Бүлдіршін» мектепке дейінгі балалар шығармашылық фестиваль – байқауының қалалық кезеңі, диплом	1
«Бүлдіршін» мектепке дейінгі балалар шығармашылық фестиваль – байқауының қалалық кезеңі, сертификат	10
Павлодар қаласының білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен «Көңілді жарыстар» қалалық байқауының іріктеу кезеңі	8
«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Жауқазын» облыстық олимпиадасының қалалық кезеңі, диплом	1

«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Жауқазын» облыстық олимпиадасының қалалық кезеңі, сертификат	1
Павлодар қаласының білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен «Менің отбасым»	2
Павлодар қаласының білім беру бөлімінің және №8 сәбилер бақшасының ұйымдастыруымен «Бүгінгі ұрпақ, ертеңгі болашақ » атты байқау, мадақтама	2
«Менің гүлім» экологиялық акциясы, мадақтама	1
«Менің гүлім» экологиялық акциясы, сертификат	1
Барлығы	27
Облыстық конкурстар	
«Бүлдіршін» мектепке дейінгі балалар шығармашылық фестиваль – байқауының қалалық кезеңі, диплом	1
«30 жылдыққа-30 ойын» фестивалінің облыстық кезеңі, диплом	-
«Шымырлық пен шеберлік» байқауының қалалық кезеңі, диплом	-
Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы» КМҚК ұйымдастыруымен «Мен әлемді бейнелеймін», диплом	1
Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы» КМҚК ұйымдастыруымен «Мен әлемді бейнелеймін», сертификат	9
«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Жауқазын» облыстық олимпиадасының қалалық кезеңі, сертификат	1
«Babyskills-2023» облыстық кәсіби шеберлік байқауда «Мектепке дейінгі тәрбие», диплом	1
Барлығы	9
Жалпы	

Қорытынды: Балабақша тәрбиеленушілері облыстық зияткерлік конкурстар мен іс-шараларға белсенді қатысады, бұл жұмыс ата-аналардың балабақшамен бірлескен жұмыстың нәтижесі және ата-аналардың тәрбие жұмысындағы белсенділік көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар алдағы жылдары жергілікті байқауларға белсенді қатысу жоспарда.

Біздің тәрбиеленушілеріміз облыстық және қалалық зияткерлік байқаулар, марафондарға іс-шараларға белсенді қатысады.

IV бөлім. Оқу әдістемелік жұмысы

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қолдану барысы

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген, басшының қолымен, мөрмен куәландырылған.

Балабақшаның әдістемелік жұмысы білім беру мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге, балалардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасауға және инновациялық әрекеттерді дамытуға, жаңа буын педагогтердің кәсіби дағдыларын қалыптастырып жетілдіруге бағытталған

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

- нормативтік құжаттармен жұмыс;
- диагностикалық жұмыс;
- педагогтардың өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс;
- сараптамалық сертификаттау жұмыстары;
- педагогтардың тәжірибесін жалпылау;
- жас маман келген педагогтармен жұмыс;
- педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру;
- түрлі байқаулар ұйымдастыру;
- эксперименттік - ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету;
- әр түрлі кәсіби шеберлік деңгейіндегі педагогтармен жұмыс;
- әдістемелік қызметтің қызметін талдау.

Педагогтармен әдістемелік жұмыс келесі практикалық мәселелерді шешуге бағытталған:

- педагогтардың қарым-қатынас кезеңінде олардың кәсіби өсуін, кәсіби дамуын және кәсіби мәдениетін жүйелі ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау, олардың шығармашылық өсуіне, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ету;
- педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыстың жағдайына байланысты оқу қызметінің тиімділігін зерттеу, талдау және бағалау;
- мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау, тарату;
- ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, инновациялық және заманауи білім беру технологияларын енгізуді әдістемелік қамтамасыз ету;

әлеуметтік серіктестік негізінде мүдделі мекемелердің мамандарымен өзара әрекеттестікті күшейту;

- педагогикалық кадрлармен жұмысты ұйымдастырудың диагностикасының нәтижелері мен әкімшілік немесе басқа да оқу процесін жүзеге асырудағы кемшіліктерді ескере отырып, реформаланған білім беру жүйесін дамытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік қызметті жоспарлау, бақылау.

Әдістемелік іс –шаралардың түрлері:

- ұйымдастырушылық және әдістемелік қызмет;
- оқу -әдістемелік қызмет;
- ғылыми -зерттеу қызметі;
- педагогикалық ұжыммен жеке жұмыс және олардың өзін-өзі тәрбиелеуі;
- ақпараттық -талдау қызметі;
- диагностика;
- Сауықтыру
- әдістемелік бақылау.

Балабақшаның әдістемелік жұмыс негізгі бағыттары: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс; сараптамалық жұмыс; педагогтардың озат педагогикалық тәжірибесін жалпылау; жас мамандармен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік отырыстар және т.б; байқаулар ұйымдастыру және қатысу; эксперимент-іздеушілік инновациялық қызметті әдістемелік жағына қамтамасыз ету; әр түрлі кәсіби шеберлік деңгейдегі педагогтармен жұмыс; әдістемелік қызметті талдау. Педагогтармен әдістемелік жұмысы келесі мәселелерді шешуге бағытталған: педагогтардың қарым-қатынас кезеңінде олардың кәсіби өсуі, кәсіби дамуы және кәсіби мәдениетін жүйелі ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау, олардың шығармашылық өсуіне, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ету; педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыстың жағдайына байланысты оқу қызметінің тиімділігін зерттеу, талдау және бағалау; мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау, тарату; ақпараттық- аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, инновациялық және заманауи білім беру технологияларын енгізуге қамтамасыз ету; әлеуметтік серіктестік негізінде мүдделі мекемелердің мамандарымен өзара әрекеттестікті нығайту; әдістемелік іс- шараларды түрлендіру. Балабақшадағы білім беру процесінің сапасына педагогтердің кәсіби және жеке дамуы әсер етеді. Педагогтердің шеберлігін арттырудың әртүрлі формалары бар. Семинарлар-практикумдар, кеңестер, өзара қатысу және сабақтарды талдау сияқты жұмыс түрлері пайдаланылады, жаңа технологиялар, әдістемелер енгізіледі, шығармашылық топтар жұмыс істейді, жас кадрлармен жұмыс жүргізіледі. Әдістемелік бірлестік, шығармашылық топ, жас мамандармен жұмыс жүргізіледі. Оқу жылына қойылған міндеттер әдістемелік жұмыстың түрлі формаларда шешіледі: педагогикалық сағаттар, педагогикалық кеңес, семинар-практикумдар, кеңестер, ашық сабақтар, шебер-сыныптар, іскерлік ойындар. Осы міндеттерді іске асыру барысында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды: спорттық жарыстар, музыкалық мерекелер, ойын-сауық, ертеңгіліктер, тақырыптық көрмелер және балалар қолөнері, жобалық іс-шаралар. Бағаланатын кезеңдегі ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет бөлімі бойынша жылдық жоспардың орындалуының тиімділігі айқын. Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс істеудің тиімді жүйесі бар, оған ұйымдастырудың қызықты нысандары кіреді. Ата-аналарға шаралар, сұхбат, сауалнама, жиналыстар, кеңестер жүргізеді. Пандемия кезіндегі шектеулерге байланысты іс-шараларды онлайн режимде өткізілуде. Ата-аналар ұжым ұсынған барлық іс-шараларға: көрмелерге, конкурстарға, марафондарға, акцияларға, олимпиадаларға, жобалық қызметке және т. б. белсенді қатысады. Ата-аналармен жұмыс ашықтық, сенім, қол жетімділік, бірлік қағидаттарына және жылдық жоспарға сәйкес құрылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық ұжым педагогикалық тәжірибені жалпылау, әр педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту міндеттерін шешеді. Вариативтік бөлім жыл сайын оқу жылының басында педагогикалық кеңесте қарастырылып, іске асырылады.

№	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топтары	1 сағат	Сиқырлы қағаз - 1
2	Ересек тобы	2 сағат	Сиқырлы қағаз - 2
3	Мектепалды топтары	3 сағат	Сиқырлы қағаз - 2 Өлкетану - 1

Ортаңғы топтары: жалпы 1 сағат, оның ішінде «Сиқырлы қағаз» 1 сағат;
Ересек тобы: жалпы 2 сағат, оның ішінде «Сиқырлы қағаз» - 2 сағат.
Мектепалды топтары: жалпы 3 сағат, оның ішінде «Сиқырлы қағаз» - 2 сағат,
«Өлкетану» - 1 сағат.

Жылдық мақсат пен міндеттер негізінде вариативті компоненттің оқу бағдарламалары педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді.

Балабақшаның жылдық жұмысжоспарлары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттарда жүзеге асырылады: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өздігімен білім жетілдіру жұмысы; аттестаттау жұмыстары; педагогтердің тәжірибесін жалпылау; жас және жаңадан келген педагогтермен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру; түрлі байқаулар ұйымдастыру; эксперименттік-ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету.

2. Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары

Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар	Авторлары
2022 – 2023 оқу жылы	
Мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи дидактикалық ойындар арқылы креативті ойлау қабілетін арттыру Рецензеттер: Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, PhD докторы, Гуманитарлық-педагогикалық институт директорының орынбасары: Д.К.Омаров Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Е.Т.Болатбаева Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебі педагогика ғылымдарының кандидаты М.Ш.Кунанбаева	Муканова Ш.Т
Монтессори әдісі арқылы балалардың танымдық қабілетін дамыту Рецензеттер: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Е.Т.Болатбаева Өлкей Марғұлан атындағы ППУ аға оқытушысы: А.Ахмульдинова	Шайтиева А С
Ертегі терапиясы арқылы балалардың әртістік қабілетін дамыту Рецензеттер: Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Е.Т.Болатбаева Өлкей Марғұлан атындағы ППУ аға оқытушысы: А.Ахмульдинова	Кабдуллина А М
Асық ойынын жаңа заман талаптарына сай ойната отырып, қызығушылықтарын арттыру Рецензеттер: Педагогика және пәндік әдістемелер кафедрасының аға оқытушысы: С.Д.Нурғалиева	Кабей Ж
Дидактикалық ойындар арқылы ұлттық тәрбие беру жолдары	Кабей Ж

Рецензеттер:Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Е.Т Болатбаева Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы басшысы: Л.С.Серикбаева Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы басшысының орынбасары А.А Қожахметова	
--	--

Аталған әдістемелік жинақтар мен құралдар баланың жан-жақты дамуына бағытталған. Өр педагог өз әзірлемелерінде баланың танымын, сөздің мағынасын түсінуге, денсаулығына басты назар аударуда. Сонымен қатар алға қойған мақсатта ұлттық құндылықтарды меңгерту жоспарлануда.

3. Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру

«Рухани жаңғыру» идеясы атамекенмен ұлттың бір болуын, ұрпақ пен туған жердің үнемі байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді.

Осыны негізге ала отырып балабақша ұжымы балалармен жұмыста «Мемлекеттік тіл-менің тілім», «Елім менің Қазақстан» тақпақтар сайысы, «Қазақстан менің мақтанышым» тақырыптық сабақтар ұйымдастырылады. Рухани жаңғыру бағдарламасы негізінде ұлттық бұрыш пен домбыра, тоғызқұмалақ кабинеттері ашылды. Мектепалды топтары үшін ұлттық құндылықтар мәлімет қабырғасы жасалынды.

Жылдық жоспарға педагогтар және ата аналармен жұмыс түрлері еңгізілді. Облыстық «Көркем сурет мұражайы», «Ж.Аймауытов атындағы қазақ драм театры», облыстық кітапханамен тығыз байланыс жасап, сабақтастық жұмыстар жүргізілуде. «Адам құқығы ата- бабалар өсиеті» тәрбие сағаты, «Қазақстан ата жұртым, қасиетті ана тілім» - акция көркем сурет мұражайы Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында жоспарынды: «Тоғызқұмалақ-2022»-спорттық сайыс, «Менің туған өлкем» - сурет көрмесі, «Ұлттық бұйымдар» көрмесі, «Тәуелсіздік тұғырым»- ертеңгіліктер, Ұлттық ойындар «Ханталалай», «Асық ату», «Домбырам сыңғырла-2023», «Наурыз келді», атты іс шаралар атқаруда. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жалпы ұлттық рухымыз әр баланың бойында мәңгі қалуына отбасынан, балабақшадан басталады. Сол себепті «Рухани жаңғыру» аясында балабақшамызда 2021 жылы 14 желтоқсанда «Асық» кабинеті ашылды. Асық технологиясы арқылы балалардың ойлау қабілеті, қол моторикасы, зейіні дамытады. Асық арқылы балалар санауға, сурет салуға, сөз, сөйлем құрастыруға үйренеді. Балаларды эстетикалық және адамгершілік тұрғысынан дамытуға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және анықтауға ықпал етеді. Педагогикалық ұжым «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» азаматтық-патриоттық жобаларын іске –асыруда.

Қорытынды: балабақшада оқу процесін ұйымдастыруға қажетті барлық нормативтік құжаттар бар. Даму бағдарламасы – 2020 – 2025 жылдар аралығындағы балабақша ұжымы қызметінің мақсаттарын, негізгі міндеттерін, күтілетін нәтижелерін және негізгі бағыттарын анықтайтын жобасы бар. Педагогикалық кеңестер хаттамаларының дәптері нөмірленген, бекітілген, басшының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Балабақшадағы педагогикалық құзыреттілікті арттыру үшін әдістемелік сағаттар, ұжымдық көрсетілімдер, педагогикалық шеберлік сайыстар ретінде өткізіледі, жаңадан келген педагогтармен жұмыс жоспары құрылады. Жұмысты зерттеу және балалармен жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсету үшін әдістемелік бірлестік жұмыс жоспары бар. Жоспарланған іс-шаралардың тақырыптары өткен жылдағы жұмыстарды талдау кезінде туындаған мәселелерді шешуге бағытталған.

4. Педагогикалық ұжым өз тәжірибесінде келесі инновациялық технологияларды қолдануы

№	Жас топтары	Қолданылған инновациялық технологиялар
1	Кіші топтар	Денсаулық сақтау технологиясы АКТ технологиясы М.Монтессори элементтері Ойын технологиясы Ертегі терапия ТРИЗ технологиясы Асық технологиясы
2	Ортаңғы топтар	АКТ технологиясы Денсаулық сақтау технологиясы Ертегі терапия М.Монтессори элементтері Ойын технологиясы Асық технологиясы
3	Ересек топтар	Луллия шеңберлері АКТ технологиясы Мнемотехнология «Кюйзенер» таяқшалары Денсаулық сақтау технологиялары Жобалық әрекеттер Модульдік оқыту технологиясы Ойын технологиясы Асық технологиясы
4	Мектепалды топтар	АКТ технологиясы Кюйзенер таяқшалары Воскобович тақтайшалары Зерттеу технологиясы Модульдік оқыту технологиясы Денсаулық сақтау технологиясы Жобалық әрекеттер Ойын технологиясы Луллия шеңберлері Асық технологиясы

Оқу жылдары барысында қолданылған инновациялық технологиялары балалардың тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытады, денсаулық сақтау технологиялары жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау болып табылады.

V- БӨЛІМ Оқу-тәрбие жұмысы

1. Мектепке дейінгі ұйымның басым бағыты

Мектепке дейінгі ұйымның басым бағыты әлеуметтік-коммуникативтік тәрбие бағытында, сонымен қатар педагогикалық процесті жүзеге асыруда авторлық білім беру бағдарламаларына бағыттау, дамытушы ортаны құру, баланы сәтті әлеуметтендіру және қоршаған әлеммен ойын-сауық, дене шынықтыру, когнитивтілік іс-әрекет түрлерінде таныстыру, ерте білім беру және дамыту топтарын ашу.

Балабақшада педагогикалық кеңес туралы ереже бар. Педагогикалық кеңесті өткізу формалары әр түрлі (дөңгелек үстел, шығармашылық зертханалар, іскерлік ойындар, пікірталастар, онлайн, квест). Педагогикалық кеңестер хаттамаларының журналы нөмірленген, парақ саны есепке алынып бекітіледі, басшының мөрімен және қолымен куәлдандырылады.

Балабақшадағы педагогикалық құзіреттілікті арттыру үшін әдістемелік сағаттар, ұжымдық көрсетулер, педагогикалық шеберлік сайыстары өткізіледі, жаңадан келген тәрбиешілермен жұмыс жоспары құрылған. Жұмысты зерттеу және балалармен жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсету үшін әдістемелік бірлестік жұмыс жоспары құрылды. Жоспарланған іс - шаралардың тақырыптары өткен жылдағы жұмыстарды талдау кезінде туындаған мәселелерді шешуге бағытталған.

2. Психологиялық – педагогикалық қолдау консилиумының жұмысы

«Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің негізі: әр түрлі даму кезеңдеріндегі балалардың жас ерекшеліктері; психологиялық-педагогикалық қызмет бағыттары болып табылады.

Бүгінгі таңда «Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» үшін психологиялық-педагогикалық қолдау балалармен түзету - дамыту жұмыстарының әр түрлі әдістерінің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар баланы дамыту, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру мәселелерін шешуде қолдау мен көмек көрсетудің кешенді технологиясы, ерекше мәдениеті болып табылады.

Педагогтер диагностика, кеңес беру, түзету әдістемелерін меңгерген, проблемалық жағдайларды жүйелі талдау, оларды шешуге бағытталған қызметті бағдарламалау және жоспарлау, осы мақсатта білім беру процесіне қатысушыларды (бала, ата-аналар, педагогтар, әкімшілік) бірлесіп ұйымдастыру қабілетіне ие.

Сүйемелдеудің тиімді жүйесін құру «Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасының» білім беру ортасы ішінде балаларды дамыту және оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Тәрбиеші және мамандар бірлесіп жұмыс істейді. Олар бірге психологиялық - педагогикалық қолдаудың ең ұтымды бағдарламасын жасайды, баланың жеке мүмкіндіктерін, қалауы мен мүдделерін ескере отырып дидактикалық материалды таңдайды. Бірыңғай жұмыс бағдарламасын жасай отырып, тәрбиеші және мамандар бірлескен қызметте серіктес болады.

«Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» психологиялық - педагогикалық жұмысындағы ең маңызды және басым бағыттар таңдалды: балалардың психологиялық денсаулығы және баланың құқықтарын қорғау; әр баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына барынша ықпал ету; балалардың мектепке дейінгі балалық шақтың негізгі тұлғалық істерін дамыту бойынша тәрбиешілермен профилактикалық жұмыс; психосоматикалық аурулардың алдын алу ретінде балабақшада эмоционалды, психологиялық жайлылықты қалыптастыруға назар аудару;

«Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» барлық қызметкерлерін балалармен қарым-қатынасты толыққанды дамытуға үйрету; балаларды дамудың жаңа әлеуметтік жағдайына дайындау; балалардың дамуының зерделеу (диагностикалау); ерекше оқыту бағдарламалары мен олардың қызметін ұйымдастырудың арнайы нысандарына мұқтаж балаларға көмек көрсету; Қызметкерлер, ата-аналар баланың даму заңдылықтарында, сондай-ақ балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерінде психологиялық құзыреттілігін арттыруға

жәрдемдесу; Балабақша жұмысында инновациялық өзгерістер болған сәттерде балалардың дамуы мен тыныс-тіршілігі үшін оңтайлы жағдайлар жасауға қатысу.

Қорытынды: «Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасы» психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кешенді технология, баланы дамыту, оқыту, әлеуметтендіру міндеттерін шешуде қолдау мен көмек көрсетудің ерекше мәдениеті ретінде әрекет етеді.

3. Жас педагог мектебі

Жас педагогтердің шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында "Жас педагог мектебі" (ЖПМ) жұмыс істейді. Жас педагогтермен жұмыс Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы «Білім беру» Заңың басшылыққа ала, педкеңестің шешімімен құрылған «Жас педагогтер мектебі» (ЖПМ) Ережесі негізінде атқарылады.

Жас мамандармен "Жас педагог мектебі" жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жылдық жұмыс жоспарына жас педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмыс енгізілген, тәлімгерлік бекітілген.

ЖПМ жас педагогтерді қолдау, теориялық білімді жетілдіру және педагогикалық шеберлікті жоғарылатуда, практикалық көмек көрсету мақсатында жұмыс істейді.

ЖПМ жұмысы оң нәтиже көрсетіп жас педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігінің өсуіне ықпал етіп, жаңадан келген педагогтердің оқу үдерісіне деген қажеттіліктерін анықтап және оларды шешуге көмектесу болды.

ЖПМ жұмысы: сауалнама, оқу үрдісіне шағын зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу арқылы жас педагогтердің қажеттіліктерін анықтауда жаңашыл нәтиже беретін жұмыс түрлерімен атқарылуда.

ЖПМ жұмысын ұйымдастыру жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (қыркүйектен мамырға дейін) және шығармашылық жобаны қорғау, ашық сабақтар мен жас педагогтер апталығына қатысу түрінде шығармашылық есеп беруімен аяқталады.

Жас педагог мектебі

Жылдар	2022-2023
Жас мамандар	2

Жас мамандар туралы мәліметтер банкі құрылған. Сонымен қатар, ЖПМ құқығында: оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу ЖПМ ережелеріне өзгерістер мен қосымшаларды енгізу.

Қорытынды: Жас мамандар жұмысын ұйымдастыру, жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, ашық сабақтар мен жас педагогтер апталығына қатысу түрінде шығармашылық есеп беру мен жетелеу жұмыстары атқарылады. Балабақшада оқу процесін ұйымдастыруға қажетті барлық нормативтік құжаттар бар.

Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп бағыт-бағдар беру жоспарланды. Сонымен қатар, аладғы жылдары жас мамандарды инновациялық жұмысқа тарту.

4.2022-2023 оқу жылдарында педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы

<i>Қалалық</i>			
№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жұлделі орындар
1	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен «Бүгінгі ұрпақ, ертеңгі болашақ» атты байқауы	1	Диплом II орын - 1
2	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен «Инновациялық педагогикалық тәжірибе-2023» сайысы	1	Сертификат - 1
3	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік дене шынықтыру нұсқаушысы – 2023» сайысы	1	Диплом «Шабыт» номинациясы
4	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен «Шымырлық пен шеберлік» сайысы	1	Алғыс хат - 1
5	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен «Ойнайық та ойланайық» сайысы	2	Диплом II орын – 1 III орын-1
6	«Балаларға базарлық»	1	Диплом II орын – 1
7	Павлодар қаласының білім бері бөлімінің ұйымдастыруымен және №8 сәбилер бақшасы «Сарбаздар-ел қорғаны» сайысы	6	Диплом гран-при – 1
	Барлығы	13	8
<i>Облыстық</i>			
№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жұлделі орындар
1	«Бүлдіршін – 2023» балалар шығармашылығы фестивалі	1	Диплом II орын - 1
2	«Педагогикалық шеберлік» конкурс	3	Диплом III орын -1 Сертификат - 2
3	«Педагогикалық идеялар понарамасы» конкурс	4	Сертификат - 4
4	«Өрлеу» БАҰО өз тәжірибелерімен бөліскені үшін	10	Куәлік-10
5	«Babyskills-2023» облыстық кәсіби шеберлік байқауы	1	Сертификат - 1
6	«Мектепке дейінгі ұйымда интерактивті құмсалғышпен жұмыс формалары» семинар	1	Сертификат - 1
7	«Кроссеанс»-бастауыш сынып пен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің сабақтастығының технологиясы - семинар	1	Сертификат - 1
	Барлығы	21	21
<i>Республикалық</i>			
1	MANGILIK EL ұйымдастыруымен «Мейірімді тәрбиеші-2023» республикалық эсселер жинағы	4	Сертификат -4
2	Uchitelya.kz білім беру интернет порталы ұйымдастыруымен IV Республикалық «XXI ғасыр ұстазы» олимпиадасы	1	Диплом II орын-1
3	«SAMURYQ» республикалық орталығының	1	Диплом III орын-1

	ұйымдастыруымен «Жыл педагогі 2023»		
	Барлығы	6	6
	Жалпы	40	35

Қорытынды: Балабақша педагогтары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға белсенді қатысуда. Бақша әкімшілігі осы жұмыс бағытын педагогтардың кәсіби өсуіне бағыттайды. Сонымен қатар аймақтық байқауларға белсенді қатусуға ыңғайландыру.

4. Педагогтердің құрмет атақтары, ведомстволық және үкіметтік марапаттары

Марапаттар	Саны
2022 – 2023 оқу жылы	
Павлодар облысының білім беру басқармасы атынан, Павлодар облысының білім беру жүйесін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін	Құрмет грамота - 1
«Мектептің үздік әдістемелік қызметі» номинациясы бойынша Павлодар қаласы әкімі	Диплом-1
Павлодар қаласының білім беру бөлімі атынан, Жемісті еңбегіңіз, жоғары кәсіптілігіңіз, кәсіби қызметіңізді абыроймен атқарғаныңыз үшін	Алғыс хат - 3

Қорытынды: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласына адал еңбегі мен жоғары кәсіптілігі және білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі, еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар педагогтердің жұмысы талқыланып, марапатталады

5.БАҚ-та жарияланған жарияланымдар

№	Т.А.Ә.	Мерзімі	Басылым
1	М.Е.Сырымбаева Ж.К.Идрисова	2023 (қаңтар)	«Жарқын болашақ» республикалық ғылыми –танымдық журналы
2	Ж.Кабей	2023 (ақпан)	«Білім академиясы» республикалық ғылыми –танымдық журналы
3	М.Д.Бейсембаева	2023 (ақпан)	«Жарқын болашақ» республикалық ғылыми –танымдық журналы
4	Г.Б.Абдығомар	2023 (ақпан)	«Білім айнасы» республикалық – педагогикалық журналы
5	Г.У.Ахжанова	2023 (наурыз)	«Жарқын болашақ» республикалық ғылыми –танымдық журналы
6	А.М.Кабдуллина А.С.Шайтиева	2023 (наурыз)	«Жарқын болашақ» республикалық ғылыми –танымдық журналы

Қорытынды: БАҚ-та шыққан әртүрлі мақалалар мен жұмыстар педагогтердің зерттеу жұмысына белсендіру формасы болып табылады. Бұл әрекет ұйымда жақсы қойылған және ата- аналар қауымын мәліметтендіруде тиімді жұмыс түрлерінің бірі болып бағаланады.

Жалпы оқу-тәрбие қорытындысы: ұйымда оқу процесін ұйымдастыруға қажетті барлық нормативтік құжаттар бар, мектепке дейінгі мемлекеттік стандартты орындауға оқу тәрбие жұмысы толық атқарылуда.

VI бөлім. Оқу- материалдық активтер

Балабақшаның материалдық - техникалық базасының жағдайы педагогикалық талаптарға, білім деңгейіне және санитарлық нормаларға сәйкес келеді (қорытындылар бар). Әкімшілік, медициналық қызмет көрсетуге арналған (Іорынға арналған изолятор, қабылдау бөлмесі, дезерітінді дайындауға арналған бөлме) асхана, кір жуатын бөлме, топтардың санына сәйкес жатын бөлмелер.

Топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздармен жабдықталған. Әрбір топта ойын, жатын, қабылдау және жуынатын бөлмелері бар. СанПИН талаптарына сәйкес келеді. Тәрбиешілердің күшімен орталықтар стандартпен, типтік бағдарламаның талаптарына, балалардың жасына сай үнемі толықтырылып отырады. Әр топта ас тарату бөлмесінде ,ыдыс жууға арнайы жағдай жасалған.

Оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыруға мына оқу бөлмелері қарастырылған: ән – күй залы-1; дене шынықтыру залы -1; логопедиялық кабинеті-1; қазақ тілі кабинеті-1; жаңа инновациялық кабинет-1; әдістемелік кабинет – 1; психолог кабинеті-1, асық кабинеті-1.

Ұйымның барлық бөлмелері балалардың оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына қажетті құралдармен жабдықталған. Құралдар балалардың жас ерекшеліктеріне сай, СанПИН талаптарына сәйкес келеді.

Медициналық блок 2 бөлмеден құрылған: медбике кабинеті, оқшалау бөлмесі, оқшалау орынына қабылдау бөлмесі.

Медициналық блок жұмысының мақсаты: дәрігерге дейінгі медициналық көмек, тамақтануды бақылау.

Медициналық бөлме: бой өлшегіш, бала салмағын өлшеуіш, медициналық шкаф, құжаттар салатын шкаф, 1 медициналық кушеткалармен қамтылған. Оқшаулау бөлмесінде 1 керует, қол жуғыш. Гигиеналық бөлме бөлек орналасқан.

Жер аймағында спорттық алаң - 1, 8 топтың арнайы ойын құрылымдары мен 8 телім орналасқан.

Спорт залында спорттық ойындарға арналған құралдар, доптар, кеглилер, секіртпе, спорттық төсеніштер, жұмсақ модульдер , гимнастикалық баспалдағы.

Әдіскердің кабинеті жиһазбен, 1 компьютермен, сабаққа арналған кітаптармен қамтылған. Әдебиеттер қоры үнемі әдістемелік құралдармен, балаларға арналған әдебиеттермен, басылымнан шығатын газет-журналдармен толықтырылып отырады. МДҰ-да балаларды тәрбиелеуге, негізгі мәдени базасын қалыптастыруға, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға, баланың жас және жеке ерекшелігіне байланысты дене бітімі мен психологиясын қалыптастыруға, баланың қазіргі заманауи қоғам өміріне дайындауға толық мүмкіндік жасалған.

Балабақша безендіру талаптарға сәйкес келеді, мемлекеттік тілде жүргізіледі, бірыңғай стильде жасалған, Мемлекеттік рәміздер стендтері, кәсіподақ бұрышы, оқу-әдістемелік, ақпараттық және т.б. бар.

Көрсеткіштер	2022 - 2023
Балалар саны	196
Бір балаға топтық бөлменің ауданы	2,2
Бір балаға арналған жатын бөлменің ауданы	2,2
Бір балаға қабылдау бөлмесінің ауданы	0,99

Негізгі үй-жайларының аланы санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

Бақша үй-жайларының шаршы метрінің көрсеткіші

Кабинет атауы	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Дене шынықтыру залы	59,7 кв.м	59,7 кв.м	59,7 кв.м	59,7 кв.м
Музыкалық зал	89,9 кв.м	89,9 кв.м	89,9 кв.м	89,9 кв.м
Орыс тілі	10,8 кв.м	10,8 кв.м	10,8 кв.м	10,8 кв.м
Логопед кабинеті	7,2 кв.м	7,2 кв.м	7,2 кв.м	7,2 кв.м
Психолог кабинеті	10,9 кв.м	10,9 кв.м	13,0 кв.м	13,0 кв.м
Әдіскер кабинеті	42,9 кв.м	42,9 кв.м	28,6 кв.м	28,6 кв.м
Жаңа инновациялық кабинеті			42,9 кв.м	42,9 кв.м
Медициналық блок (медбике кабинеті/оқшалау бөлмесі/ физио кабинеті/оқшалау алды/ санитарлық бөлме)	18,5/11,1/10,9	18,5/11,1/10,9	18,5/11,1/10,9	18,5/11,1/10,9
Ас бөлмесі	54,7	54,7	54,7	54,7
Кір жуу бөлмесі	43,5	43,5	43,5	43,5

1. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық ресурстары мен кітапхана қорын қағаз және цифрлық тасығыштар, аудио және бейне CD дискілері құрайды. Әдістемелік актив инновациялық ғылыми-әдістемелік идеялардың жаңалығын үнемі іздеуде. Балабақшаның кітапхана қоры 694 дананы құрайды, оның ішінде:

Атаулары	Даналар саны
Оқу-әдістемелік әдебиет	122
Медиотека	35
Оқу ойын құралдары	62
Балаларға арналған көркем әдебиет	223
Қазақстан Республикасының баспа басылымдары: «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу», «Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы», «Білім беру мекемесінің басшысының анықтамасы» «Білім беру мекемесі», «Бала мен Балабақша», «Өзін-өзі тану», «Отбасы мен Балабақша», «Қызықты психология», «Әдіскер мұғалімі» «Музыка анықтамасы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», «Білім технологиясы», «Медбике және тамақ ұйымдастыру журналы» «Балбұлақ», «Айгөлек», «Балақан», «Балалар әлемі», «Мөлдір бұлақ», «Балдырған», «Ақиқат», «Найзатас», әдеби-көркем журналы, ҚР газеттері.	252

Заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау

Балабақшада баланың айналасында, ол өмір сүретін және білім алатын арнайы заттық- дамытушы ортасы құрылған. Бұл орталарда мектепке дейінгі жастағы бала жан - жақты дамиды, сезімталдық қабілеттері қалыптасады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді.

Ерте жастағы балаларды педагогтер заттар әлеміне енгізеді, олардың қызметі мен не үшін арналғандығымен таныстырады, қоршаған ортаны тануға бағытталған іс-әрекеттерін ынталандырады.

Осыған байланысты, күннің кез-келген уақытында өз қалауынша бала заттармен әрекет етуге, ойнауға қозғалу мүмкіндігіне ие болатын заттық - ойын дамытушы ортасымен барлық топтар дұрыс қамтамасыз етілген. Сол себепті, заттық дамытушы орталықтарды қозғалыс белсенділігін қажет ететін ойышықтармен және жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың орындарын жиі ауыстырып, санитарлық өңдеу тәртібі сақталады. Баланың қолы жететін жерде дидактикалық ойын материалдары орналастырылып, «Желілі -рөлдік ойындар бұрышы», «Сенсорлық ойындар бұрышы», «Табиғат бұрышы», «Құм және су» «Кітап бұрышы», «Сәндену бұрышы» «Театр бұрышымен» жабдықталған.

Әрбір орталықта балалардың жеке қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, тәрбиелеу және дамыту міндеттеріне сүйене отырып, дидактикалық және ойын материалдары іріктелген. Ерте жастағы балалардың дамуында заттық-кеңістіктік дамытушы орта зор мәнге ие, сол себептен осы топтарда сенсорлық орталығы қолдан жасалған «Бизиборд» ойындары жасалған.

Мектепке дейінгі мекеменің барлық топтардағы заттық - дамытушы орталары білім беруші, дамытушы, ынталандырушы, ұйымдастырушы, тәрбиелеуші, коммуникативтік функцияларын атқарады. Заттық - дамытушы орта балалардың жан - жақты дамуын қамтамасыз етеді, білім беру үдерісінің біртұтастылық қағидатына сай келеді.

Кеңістікті икемді және вариативті қолданылады. Орталар баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Заттардың формасы мен сәндігі (дизайны) балалардың қауіпсіздігіне және жасына бағдарланған. Әрбір топта балалардың эксперименттік іс-әрекеттеріне арналған орындар қарастырылған. Топтық кеңістікте заттық ортаны ұйымдастыра отырып , психикалық даму заңдылықтарын, олардың денсаулық көрсеткіштерін, психофизиологиялық және коммуникативтік ерекшеліктерін, жалпы және сөйлеуінің даму деңгейін, сонымен қатар, эмоционалдық -қажеттіліктері ескерілген.Түс палитрасы жылы, пастельді түстерде.

Топтың заттық -дамытушы ортасы балалардың жас ерекшеліктерін, оқу кезеңі мен білім беру бағдарламасына байланысты ауыстырылып отырады .

Заттық-дамытушылық ортаны құру кезінде келесі талаптар сақталады: гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, гендерлік көзқарас, эстетикалық, сонымен қатар функционалдылық, жайлылық, қауіпсіздік және сенсорлық әсерлердің байлығын қамтамасыз ету, тәуелсіз жеке балалар іс - әрекеті және зерттеу мүмкіндіктері сияқты заттық-дамытушылық ортаның жетекші сипаттамаларына сәйкес келеді.

Топтардың кеңістігі қауіпсіз материалдармен жабдықталған, жақсы бөлінген аймақтар түрінде ұйымдастырылған. Барлық пәндер мен материалдар балаларға қол жетімді, бұл мектеп жасына дейінгі балаларға өздері үшін қызықты іс-шараларды таңдауға, оларды күні бойы ауыстыруға мүмкіндік береді, ал педагог балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Барлық жас топтарында даму орталықтары бар: рөлдік ойындарға арналған бұрыш, кітап бұрышы, үстел - баспа ойындарына арналған аймақ, көрме (балалар суреті, балалар шығармашылығы, халық шеберлерінің бұйымдары), табиғат бұрышы (табиғатты бақылау), Спорт бұрышы, эксперименттік іс-әрекетке арналған бұрыш, ойын бұрышы (құрылыс материалы бар ойындарға арналған), ұлдарға арналған бұрыш, қыздарға арналған бұрыш, театр бұрышы, балалардың өзіндік іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне арналған бұрыштар – дизайн, бейнелеу, музыка, кітап оқу, конструкциялары бар ойын орталығы, сонымен қатар рөлдік ойындарға арналған дайын жиһаз құрылымдары: ас үй,

	ы	Топтар саны/балалар саны *	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/балалар саны	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/балалар саны	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/балалар саны *	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/балалар саны *	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/балалар саны *	Дағдылары қамтыған балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	202 2- 202 3			3/6 8	68/10 0 %	2/50	49/99 %	1/33	3/100 %	2/43	43/10 0 %	8/194	193 /99 %

29

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	202 2- 202 3			3/6 8	68/10 0 %	2/50	49/99 %	1/33	3/100 %	2/43	43/10 0 %	8/194	193 /99 %

Мониторинг нәтижелері баланың денсаулығын сақтау, коммуникативті-тілдік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды игеруін және дамудың жаңа міндеттерін ескере отырып, одан әрі педагогикалық процестің болашағын анықтаумен іске асырылуда. Балалардың әр құзыреттілігінің дамуын деңгей бойынша қадағаланып индикатор жүйесі пайдаланады.

Қорытынды: бағдарламалық материалды игеру мониторингі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі және педагогтер танымдық, эмоционалдық, мінез-құлық саласын жандандыруға, шығармашылық дербестікті дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балаларды тарту және зейінін шоғырландыру тәсілдерін пайдаланатыны анықталды.

Шешім:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолындақызығушылық тудыратын ойындар құрастырылсын.
2. Мектепке дейінгі мекемеде инновациялық жұмыс жалғасын тапсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуға арналған әдістемелік құралдар құрастырылып, дәстүрлі және дәстүрден тыс технологиялар қолданылсын.
4. Балалардың шығармашылығын дамытуда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, қалалық, облыстық байқауларға қатыстырылсын.
5. Жоба, зерттеу әрекеттерін қолдана отырып, балалардың танымдық қабілеттері дамытылсын.

Басшы:



М.Жетпіс

